

Мекеме басшыларына

Аудандық «Eco - Volonter» байқауы 2024 жылдың 11 наурыз күні аудандық білім бөлімінде сырттай өткізіледі. Байқауға 5-10 сынып оқушылары арасынан құрылған еріктілер тобы қатыса алады. **Келесі критерийлер бойынша бағаланады:**

- орындалған жұмыстың ауқымдылығы;
- байқауға қатысушы волонтерлардың имиджі (топтың атауы, девизи, киім үлгісі, эмблемасы);
- орындалған жұмыстың нәтижесі;
- бейнефильмнің сапасы;
- ақпараттың толықтығы, мазмұндылығы, құндылығы;
- бейнематериалдың тәрбиелік мәні;
- оқушының қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ойы мен іс-әрекетін ұтымды жеткізуі.

Байқау барысында волонтерлар қоршаған ортасын (тұрғылықты аймағы, ауылы, көшесі, мектебін) тазалау, сақтау, көркейту, қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастырып, орындалған жұмысты 5 минуттық бейнефильм түсіреді.

Байқауға қатысушылар орындаған жұмыстарын флешкамен және сұранысты қағаз түрінде 2024 жылдың 7 наурыз (соңғы күн) Г.С.Нуралиеваға өткізу керек. Аудандық байқау жүлдегерлерінің жұмыстары облыстық байқауға қатыстырылады.

Сұранысы

№	аудан	Топ мүшелерінің аты, жөні. ЖСН-ні	мектебі	сыныбы	Жетекшісінің аты-жөні	Электронды поштасы	Телефон нөмірі

Басшы

М.Базарова

Орындаған: Г.С.Нуралиева

Тел: 2-14-08